«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА
МИНИСТРЛІГІНІҢ ТАБИҒИ
МОНОПОЛИЯЛАРДЫ РЕТТЕУ
КОМИТЕТІНІҢ АҚМОЛА ОБЛЫСЫ
БОЙЫНША ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
КОМИТЕТА ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ
ЕСТЕСТВЕННЫХ МОНОПОЛИЙ
МИНИСТЕРСТВА
НАЦИОНАЛЬНОЙ ЭКОНОМИКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПО АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ»

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

2026 ж. 6 сәуір № 49-НҚ
Көкшетау қаласы

город Кокшетау

«Жаңа Тұрмыс 2020» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне Бурабай ауданының Зеленый Бор ауылы тарату желілері арқылы су беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке сараланған тарифті және тарифтік сметаны бекіту туралы

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 8-бабының 10), 12) тармақшаларына және 20-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына, «Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 65-бабының 3-тармағына және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығымен бекітілген Тарифтерді қалыптастыру қағидаларының 303-тармағына сәйкес,
БҰЙЫРАМЫН:

1. «Жаңа Тұрмыс 2020» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне 2026 жылғы 1 мамырдан бастап қолданысқа енгізіле отырып:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Бурабай ауданының Зеленый Бор ауылындағы тарату желілері арқылы су беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке сараланған тарифтер;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Бурабай ауданының Зеленый Бор ауылындағы тарату желілері арқылы су беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке тарифтік смета бекітілсін.

2. Осы бұйрықтың 1-тармағы қолданысқа енгізілген күннен бастап, «Статистика деректері бойынша қалыптасқан өңірдегі (қаладағы) экономикалық қызмет түрлері бойынша бір қызметкердің орташа айлық номиналды жалақысының өзгеруіне байланысты, «2025 жылғы 1 ақпаннан 2026 жылғы 31 қаңтарға дейінгі кезеңге арналған «Жаңа Тұрмыс 2020» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне Бурабай ауданының Зеленый Бор ауылы жаңадан қабылданған объект бойынша суды тарату желілері арқылы беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметке сараланған тарифтер және тарифтік сметаны жеңілдетілген тәртіппен бекіту туралы» «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 9 қаңтардағы №2-НҚ бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» «Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика

000182

министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесінің 2025 жылғы 25 тамыздағы №75-НҚ бұйрығының күші жойылды деп санылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті Табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімі (А. Хасенова) осы бұйрықты «Жаңа Тұрмыс 2020» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің назарына жеткізсін.

4. «Жаңа Тұрмыс 2020» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 6-тармағын орындау мақсатында, күнтізбелік бес күннен кешіктірмей тарифті қолданысқа енгізу туралы тұтынушылардың назарына жеткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақмола облысы бойынша департаменті басшысының орынбасарына жүктелсін.

6. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басшы **А. Қуандықұлы**



Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақмола облысы бойынша департаментінің 2026 жылғы 6 қаңтардағы № 48 бұйрығына 1-қосымша

ТМС атауы:**«Жаңа Тұрмыс 2020» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

Бурабай ауданының Зеленый Бор ауылындағы тарату желілері арқылы су беру реттелетін қызметке сараланған тарифтер

ҚҚС-сыз

р/с №	Тұтынушылар топтары	Өлшем бірлігі	Уәкілетті орган бекіткен
1.	жеке тұлғалар, жылу энергиясын өндіру процесінде өз қажеттіліктеріне су тұтыну көлемі және ыстық сумен жабдықтау қызметтерін көрсету кезіндегі (ашық ыстық сумен жабдықтау жүйесінде) құрама көлемдер шегінде жылу энергиясын өндірумен айналысатын ұйымдар, бекітілген нормативтік техникалық ысыраптар көлемі шегінде жылу энергиясын беру және таратумен айналысатын ұйымдар және сумен жабдықтау және (немесе) канализация саласында реттелетін қызметтерді көрсететін ұйымдар - бірінші топ	теңге/м3	231,45
2.	басқа тұтынушылар – бірінші және үшінші топтарға кірмейтін заңды тұлғалар – екінші топ	теңге/м3	352,22
3.	бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдар – үшінші топ	теңге/м3	2 698,06
	Орташа сату тарифі	**теңге/м3**	**368,54**

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Ақмола облысы бойынша департаментінің 2026 жылғы 6 сәуірдегі № ___ бұйрығына 2-қосымша

ТМС атауы: **«Жаңа Тұрмыс 2020» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі**

Бурабай ауданының Зеленый Бор ауылындағы тарату желілері арқылы су беру реттелетін қызметке тарифтік смета

р/с №	Көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлігі	Уәкілетті орган бекіткен
1	2	3	4
I	**Тауарларды өндіру және қызметтерді көрсету шығындары, барлығы**	**мың теңге**	**39 930,76**
1	**Материалдық шығындар, барлығы:**	**мың теңге**	**17 328,54**
1.1	Шикізат және материалдар	мың теңге	454,92
1.2	жанармай және майлау материалдары	мың теңге	856,34
1.3	Электр қуаты	мың теңге	**2 581,76**
	көлемі	*кВт*	*54 652,00*
	бағасы	*теңге/кВт*	*47,24*
1.4	Сатып алынған су	мың теңге	**13 435,52**
	көлемі	*м3*	*101 280,00*
	бағасы	*теңге*	*132,66*
	Халық саны (жеке тұлғалар)	*мың теңге*	*3 474,15*
	көлемі	*м3*	*67 166,90*
	бағасы	*теңге*	*51,72*
	Заңды тұлғалар және басқа да тұлғалар	*мың теңге*	*9 961,37*
	көлемі	*м3*	*34 113,10*
	бағасы	*теңге*	*292,01*
2	**Жалпы еңбек шығындары**	**мың теңге**	**22 198,13**
2.1	Жалақы	мың теңге	19 700,15
2.2	Әлеуметтік салық	мың теңге	1 020,47
2.3	Әлеуметтік жарналар	мың теңге	886,51
2.4	Міндетті медициналық сақтандыру	мың теңге	591,00
3	**Амортизация**	**мың теңге**	**0,00**
4	**Жөндеу жұмыстары, барлығы**	**мың теңге**	**0,00**
4.1	Негізгі құралдардың құнының өсуіне әкелмейтін жөндеу жұмыстары	мың теңге	0,00
5	**Басқа шығындар**	**мың теңге**	**404,08**

5.1	Дератизация	мың теңге	64,62
5.2	Еңбек қауіпсіздігі және денсаулық сақтау	мың теңге	259,44
5.3	Коммуналдық қызметтер	мың теңге	0,00
5.4	Салық (қоршаған ортаға шығарындылар үшін төлем)	мың теңге	9,88
5.5	Зертханалық сынақтар	мың теңге	70,14
II	**Кезең ішіндегі жалпы шығындар**	**мың теңге**	**0,00**
6	**Жалпы және әкімшілік шығындар, барлығы**	**мың теңге**	**0,00**
III	**Көрсетілген қызметтерге жұмсалған жалпы шығындар**	**мың теңге**	**39 930,76**
IV	Табыс	мың теңге	**0,00**
V	**Жалпы табыс**	**мың теңге**	**39 930,76**
VI	**Сатып алынған су көлемі**	**м3**	**116 994,93**
VII	**ҒТП**	**м3**	**8 645,93**
		%	**7,39**
VIII	**Сату көлемі**	**м3**	**108 349,00**
IX	**Тариф (ҚҚС-сыз)**	**теңге/м3**	**368,54**
	Анықтама үшін:		
7	**Қызметкерлердің орташа саны, барлығы**	**Адам**	**8,60**
7.1	өндірістік қызметкерлер	Адам	8,60
7.2	әкімшілік қызметкерлер	Адам	0,00
8	**Орташа айлық жалақы**	**теңге**	**190 892,96**
8.1	өндірістік қызметкерлер	теңге	190 892,96
8.2	әкімшілік қызметкерлер	теңге	0,00